

Қауымдық сервитут бекіту туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Төлеп ауылы әкімінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 12 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 - баптарына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңының 35-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына және жер участесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасына сәйкес ШЕШТІМ:

1. "QazagGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына Төлеп ауылының жерінен ШТИ-012, КУ-920 электрмен жабдықтау желісін салу үшін алаңы 0,3323 гектар жер участесіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер участелерін алып қоймадан 3 (үш) жыл мерізімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Төлеп ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. "QazagGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы:

"Азаматтарға арналған үкімет" "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы - Тіркеу және жер кадастры бойынша Бейнеу ауданы бөлімінен мемлекеттік тіркеуден өту ұсынылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

A. Сейилханов